

ISSN 1563-0242  
Индекс 75869; 25869

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Журналистика сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

## ВЕСТНИК КазНУ

Серия журналистики

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

## KazNU BULLETIN

Journalism series

---

№2 (38)

Алматы  
«Қазак университеті»  
2015



# ХАБАРШЫ

ЖУРНАЛИСТИКА СЕРИЯСЫ №2 (38)

ISSN 1563-0242  
Индекс 75869; 25869



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Күәлік №956-Ж.

*Журнал жылына 2 рет жарыққа шығады*

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Дудинова Е.И., филол.ғ.к. доцент, (Қазақстан)

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Медеубек С.М., филол. ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (ғылыми редактор) (Қазақстан)

Мысаева Қ.Н., филол. ғ.к., доцент (ғылыми редактордың орынбасары) (Қазақстан)

Велигченко С.Н., филол.ғ.к., доцент (редактор) (Қазақстан)

Антипов К.В., э.ғ.д., профессор, И. Федоров атындағы Мәскеу Мемлекеттік баспасөз университетінің ректоры (Ресей)

Барлыбаева С.Х., т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Беккер Р., з.ғ.д., Н. Коперник атындағы университеті халықаралық қатынастар факультетінің деканы (Польша)

Браун М., профессор, Вайоминг университеті (АҚШ)

Бекболатұлы Ж., э.ғ.к., проф.м.а, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Нүргөжина Ш.И., филол.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Окай А., профессор, Ыстамбұл университеті (Түркия)

Сұлтанбаева Г.С., саяси ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)

Шыңғысова Н.Т., филол.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан)



## Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

## Редакторлары

Қ. Ибрагимова

Г. Бекбердиева

## Компьютерде беттеген:

Гульмира Шаккозова

## Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Молдір Омیرтайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

## ИБ №2300

Басуға 12.12.2015 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/2. Көлемі 29.9 б.т. Офсетті қағаз. Сапдық басылыс.

Тансырыс №4027. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

1-бөлім  
**ЖУРНАЛИСТИКА:  
ҚОҒАМ, ТІЛ, ТАРИХ,  
САЯСАТ, ЗАҢ, ЭКОНОМИКА**

---

Раздел 1  
**ЖУРНАЛИСТИКА:  
ОБЩЕСТВО, ЯЗЫК, ИСТОРИЯ,  
ПОЛИТИКА, ЗАКОН, ЭКОНОМИКА**

---

Section 1  
**JOURNALISM:  
SOCIETY, LANGUAGE, HISTORY,  
POLICY, LAW, ECONOMY**

<i>Zhurtbay N.T., Shyngysova N.T.</i> The Role of Ecology in Media .....	106
<i>Дудина Е. И., Мухамадиева Л.И.</i> Формы и методы организации СРС при обучении творческим специальностям .....	112
<i>Негизбаева М.О.</i> Медиа и PR-сопровождение идеи казахстанской идентичности .....	118
<i>Борисова Н.М.</i> К вопросу газетно-заголовочного комплекса Якутской периодической печати .....	124
<i>Серікбай Б., Бекболатұлы Ж.</i> Бренд символдары .....	130
<i>Шынгысова Н., Жумабаева А., Жанабаев Е.Б.</i> Язык и стиль современных СМИ .....	134
<i>Мамырова К.С., Губашева Д.Т.</i> «Сарыарқа» газеті хақында бірер сөз .....	140

**3-БӨЛІМ**  
**Көсемсөз және Көркемсөз**

**РАЗДЕЛ 3**  
**Литература и публицистика**

<i>Дәдебаев Ж., Мұсалы Л., Бисенбаев П.</i> Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауы» туралы толғаныс .....	146
<i>Сұлтанбаева Г.С. Ложицкова О.П., Ахметов М.</i> Ценности, формирующие новый казахстанский патриотизм .....	152
<i>Бисенбаев П.</i> «Таһир-Зухра» дастаны және көркемдік дәстүр жалғастығы.....	158
<i>Сидоров О.Г.</i> Платон Ойунский, организатор печати и публицист .....	164
<i>Жанабаев К., Бекниязова С.К.</i> Функция эпитета в поэтическом тексте жырау XV-XVIII веков .....	170
<i>Мухамадиева Л.И.</i> Мировоззренческий космос Омара Хайяма: современное звучание .....	176
<i>Еңсегенұлы Т., Тоқболат С.</i> Тонықок жазба ескерткішінің құндылығы .....	182
<i>Білдебекова Ә.Т.</i> Қазақстан басылымдарында экономикалық тақырыптардың берілуі .....	190
<i>Жаңабекова М.А., Карагойшиева Д.А.</i> Коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудағы ойын түрлерін қолданудың технологиясы .....	196
<i>Оразбекова З., Женгиз Е., Абилядашева С.</i> Принцип дидактики эпических произведений Мусабек Байзакулы .....	202
<i>Еңсегенұлы Т.</i> «Авеста» түркілер дәуірінен тұста жасалған .....	208
<i>Қазыбек Г.К.</i> Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақтың» поэмасының орыс тіліне аударылу ерекшеліктері .....	214
<i>Сердәлі Б. К.</i> Баспасөз қызметінің ғаламтордағы жұмысы .....	220

Қазыбек Г.Қ.  
**Жұбан Молдағалиевтің  
«Мен қазақпын» поэмасының  
орыс тіліне аударылу  
ерекшеліктері**

Мақалада ақын Ж.Молдағалиевтің «Мен Қазақпын» поэмасының орыс тіліне аударылу тарихы туралы айтылады. Ж.Молдағалиев поэзиясын орыс тіліне аударған аудармашылар, олардың қолданған аударма түрлері, кемшіліктері мен жетістіктері т.б. жан-жақты талданады.

Поэманы орыс тіліне аударған Р.Казакованың өмірі мен шығармашылығы туралы сөз болады. Поэманың үзінділері салыстырылады. Қорытындылар тұжырымдалады.

**Түйін сөздер:** аударма, түпнұсқа, поэма, ақын, ұйқас, өлең, поэтика, түпнұсқа.

Kazybek G.  
**Translation peculiarities of the  
poem Zhuban Moldagaliyev 'I  
am Kazakh» into the Russian  
language**

The article discusses the history of the translation of the poem Zhuban Moldagaliyev «I am Kazakh» into the Russian language. The author of the article carefully analyzed types of translation, shortcomings and achievements of the translation, translators of the poem by Zh. Moldagaliyev into the Russian language are also indicated here. The life and work R. Kazakova, a translator of the poem into Russian, is given as well. Compared The passages from the poem are compared. Inferences and conclusions are made.

**Key words:** translation, original, poem, poet, rhyme, verse, poetics.

Қазыбек Г.Қ.  
**Особенности перевода поэмы  
Жубана Молдағалиева  
«Я – казах» на русский язык**

В статье рассматривается история перевода поэмы Жубана Молдағалиева «Я – казах» на русский язык. Автором статьи тщательно анализируются виды перевода, недостатки и достижения перевода, указываются переводчики поэзии Жубана Молдағалиева, переводившие на русский язык. Повествуется жизнь и творчество Р.Казаковой, переводившей поэму на русский язык. Сравниваются отрывки из поэмы. Приводятся умозаключения и выводы.

**Ключевые слова:** перевод, оригинал, поэма, поэт, рифма, стих, поэтика.

**ЖҰБАН  
МОЛДАҒАЛИЕВТІҢ  
«МЕН ҚАЗАҚПЫН»  
ПОЭМАСЫНЫҢ ОРЫС  
ТІЛІНЕ АУДАРЫАУ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Жұбан Молдағалиев қазақ халқының дарынды ақындарының бірі. Алғашқы өлеңі 1964 жылы жарияланған. Ақынның «Мен Қазақпын» поэмасын қазақ елінің тарихын, салт дәстүрін насихаттайтын шығарма деп айтуымызға болады. Поэманы қазақ елінің ұранына арналған, көркемдігі жоғары, құндылығы саркылмайтын туындылардың бірі деп білеміз. Поэма 1964 жылы жазылған. Бұл поэма қазақ елінің басынан кешірген қиындықтарын баяндайтын туынды. Поэманың тілі жатық, ойы оралымды. Оқырманды бірінші жолынан бастап баурап, еліктіріп әксететін шығарма. Поэма орыс, ағылшын, татар, тәжік, қытай, румын тілдеріне аударылған.

Белгілі әдебиеттанушы М.Базарбаев: «Жұбан шығармашылығына қазақтың нағыз ұлттық поэзиясын көреміз. Қазақ жері мен суынан, желі мен көгінен нәр алған даладай тынысты, пәрменді поэзияны танимыз», – деп ақын шығармашылығына жоғары баға берген болатын. Бұл поэма туралы зерттеулер жазылып, диссертациялар қорғалды. Ақынның өлеңдері орыс, румын, қытай, татар, тәжік, өзбек, ағылшын, неміс, араб, моңғол тілдеріне аударылған.

Жұбан Молдағалиев шығармаларын орыс тіліне Р.Казакова, В. Савельев, К. Ваншенкин, М. Львов, М. Луконин т.б. аударған. «Много раз выходили мои книги на русском языке и на языках народов СССР. Я отношусь к моим переводчикам, к моим собратьям по призванию с чувством глубокой признательности и большого долга перед ними. Я горжусь своей дружбой с ними, дорожу их высоким творчеством и их мнением обо мне. Имена некоторых из них украшают и эту книгу. И я знаю, что известные русские поэты заняты переводом нашего творчества не по обязанностям ремесла или заботы о хлебе насущном, а, главным образом, потому, что они видят в этом высокую миссию великой русской литературы. Сердечное им спасибо за это!», – деп ақын өз естелігенде аудармашыларға ризашылығын білдірген.

Аудармашылардың арасында көбінесе бір ақынның өлеңдерін жиі аударатындар да кездеседі. Мысалы, Фариза Оңғарсынова поэзиясын Т.Фроловская көп аударса, Ж.Молдағалиевті көп аударған В.Савельева болды. «Ақын болу – мақсат емес, бірақ азамат болуға міндеттісің» деген қанатты сөз бар. Жұ-

баи осының екеуін де тең ұстаған үлкен жүректі азамат еді. Оның ақындығы мен азаматтығы бірін – бірі толықтырып, жетілдіріп тұратын. Асылы, шын жақсы ақындық ой-толғам адал, азамат адамның ойынан шығады ғой. Осы тұрғыдан Жұбан орны ерекше бөлек еді. Оны біздің іздейтініміз де, сағынатынымыз да сондықтан», – деп сыншы Серік Қирабаев ақынның қайталамас нар тұлғасын көрсете білген. Ақынның шығармаларын орыс тіліне аудару қиып да жауапты іс екендігі белгілі. Осындай абыройлы істі аудармашы Р.Казакова атқарған. Аудармашы дастанның көркемдік-идеялық мазмұнының беруге талпынған.

Римма Казакова 1933 жылдың 27 қаңтарында Севастопольда дүниеге келген. Алғашқы өлеңдерін 1955 жылы жариялаған. Ол абхаз, кабардин, тәжік т.б. тілдерінен аудармалар жасаған. Ол Эдуардас Межелайтис, Ибрагим Юсупов, Эва Штригмаггер, Витезслав Незвал, Владислав Броневский, Майрамкан Абылкасымова, Семён Данилов, Слав Караславов, Бахтияр Вагабзаде, т.б. шығармаларын орыс тіліне аударған.

Поэма туралы: «50 лет назад великий поэт Жубан ага, не боясь никого, даже цензуры, написал историю казахского народа. При этом не заявляет, что он воздвиг себе памятник, все равно какой – «превыше пирамид и крепче меди», «чудесный, вечный» или «нерукотворный», не о памяtnике речь, не о каких-то особых заслугах поэта, он просто сам хочет объясниться перед потомками и рассказать им о себе, о своем времени, о своей судьбе, о народе. Он только настаивает на том, чтобы потомки помнили, как жилось народу трудно, тяжело, мучительно», деп журналист С. Пусырман поэманың құндылығын әдемі көрсетіп берген.

Қаламы ұшталған аудармашы Р. Казакова Жұбан Молдағалиевтің поэмасын аударуға үлкен дайындықпен келгендігі байқалады. Сыншылардың пайымдауына, поэзиялық шығармаларды аудару өте қиын. Әр ақынның өзіндік өлең жазу стилі, құрылымы болады. Сол себепті, аудармашы ең алдымен сол ақынның поэтикалық әлемін барынша кеңірек зерттеп, өлеңдегі қолданған тәсілін, поэзияның түрін жетік меңгеруі тиіс. Осы жерде біз орыс ақыны В. Солоухиннің мына пікіріне назар аударайық: «Мен өлеңді аударғанда қолданатын бір ғана өлшемім бар – әттең мына өлеңді өзім жазбаған сөздерім деп өкінгенде ғана және өз тіліме көшіру мүмкіндігі туганда ғана әлгі өлеңді өз поэзиямның фактісі етіп аударамын». Поэзиялық шығармаларды аударатындардың негізгі шарты осындай болу керек деп ойлаймыз.

Поэзия аз сөздің шеңберінде көп мағына сыйғызып, көлемі шағын ғана шығармада бір сөздің тіршілік-тынысы, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен терең таныстыра алады. Ал Жұбан Молдағалиевтің осы поэмасының рухы, мақтаншы, сөз саптауы, көркемдік тәсілдері аудармада дәл беріле алды ма, әлде солғын, қарапайым шықты ма деген мәселелерді қарастырып көрейік.

Аударма қызметінің ең басты мақсаты, В.Г. Белинскийдің айтуынша, халықтардың бір-бірімен танысып, өзара идеялар алмасуы, соған орай, әдебиеттерінің гүлденіп өсуі. Сондықтан, қазақ елінің талантты ақыны, поэма жазу шебері атанған Жұбан Молдағалиевтің поэмасын аударуға қаламы ұшталған аудармашы Р.Казакованың үлкен дайындықпен, жауапкершілікпен келгендігін байқаймыз. Аудармашының негізгі мақсаты автормен үндестік табу болса, аудармашы Р. Казакова бұл мақсатқа жете білген. Аудармашылық табыс тек түпнұсқамен ажырамаған кезде ғана өз нәтижесін береді. Р.Казакова мәтіннің беретін мағынасын терең түсіне білген. Онай жасалатын аударма болмайды. Аудармашылар әр сөздің, әр сөз тіркесінің, әр сөйлемнің беретін мағынасына көңіл бөлуі тиіс. Сонда ғана жақсы аударма жасалады. Мысалы,

#### Түпнұсқа:

Мен – қазақтың мың өліп, мың тірілген,  
Жөргегімде таныстым мұң тіліммен.  
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,  
Қуағанда күлкімнен түн түрілген [2,1].

#### Аударма нұсқа:

«Я казах, горечь жизни вкусил я с пелёнок...  
Умирал и рождался я тысячу раз...  
Я смеялся, и свет возникал из потёмок.  
Плакал – слезы лились и у солнца из глаз... [3,349]

Патриоттық тақырыптағы поэзиялық өлең орыс тіліне біршама жақсы жасалған. Өлең жолдарының орындарымен ауысқандығын байқауымызға болады. Аудармада эквивалентті сөздер қолданылған. Мысалы: «Мен – қазақтың мың өліп, мың тірілген, Жөргегімде таныстым мұң тіліммен» – «Я казах, горечь жизни вкусил я с пелёнок... Умирал и рождался я тысячу раз...», – деп, мен қазақтың дегені аудармада басында келіп, қалған бөлігі екінші жолға аударылған. Жөргегімде – с пелёнок, мың өліп, мың тірілдім – умирал и рождался я тысячу раз. «Жылағанда жүрегім күн тұтылып» – «Плакал – слезы лились и у солнца из глаз...» деп, слезы лились и у солнца из глаз деп образды берілген. Түпнұсқада бұл мағына біраз басқаша берілгенімен, аудар-

масы да жаман емес. «Қуанғанда күлкімнен түн түрілген» – «Я смеялся, и свет возник из потёмков», түрілген түн аудармада свет болып алмасқан. Эквиваленттілігінде бірер сонды айырмашылықтар болғанымен, аударма адекватты деп есептейміз.

**Түпнұсқа:**

Мен – жігітпін, айқасқа сынға асыққан,  
Жүрегі бар кеудемде шын гашықтың.  
Жанарғаудай жойқынмын жұлқынғанда,  
Шарықтасам, қыран боп шыңға шықтым [2,1].

**Аударма нұсқа :**

Я джигит, исыглавший немало на свете,  
Дерзко взгляд устремляющий за облака,  
И ребенок, чей облик неведеньем светит  
В колыбели, к которой склонились века... [3,349]

Ең алдымен поэзияны аударудағы негізгі мақсат – түпнұсқа авторының интенциясын түсіну болып табылады. Бұл берілген өлең жолдарында аудармашы ақынның айтайын деген ойын орыс реципиенттері түсіну мақсатында адаптациялағанын байқауға болады. Бұл – аударма еркін аударылған, дегенмен автордың стиліне нұқсан келтірілмеген. Аудармашы компенсация әдісін қолданған, автордың ойын орыс оқырмандарына түсіндіру үшін образдылық, эмоционалды-экспрессивтілік мағына сақтау үшін дұрыс берілген. Лириканы аударуда ритм, өлеңнің көлемі мен рифма, тон, ыргақ пен эр шумақтың дұрыс берілуі негізгі нысанға алынған. Аудармада динамикалық әсерлілік басым болып тұр, мұндай аудармашылық әдісті қолдану оқырманға бір өзгеше әсер қалдыру ретінде қолданылған.

**Түпнұсқа:**

Ал бүгін ше? Бүгін мен азаматпын,  
Жаза алатын, ғылымды қаза алатын.  
Жаза алатын дүниелік дастандарды,  
Жаза алатын тарихқа қазақ атын [2,2].

**Аударма нұсқа:**

А сейчас меня слышат народы и страны.  
Видят гордость в чуть суженных солнцем глазах,  
Я могу создавать мировые дастаны,  
и вписал я в историю имя – казах [3,352].

Аудармада қазақ халқының мәдениетін, тарихын орыстiлдi оқырмандарға таныту бiрiншi кезекте болғандығы сезiледi. Қазақ халқының реалийлерлерi ұлттық калориттерiн сақтаған. Аударма сәттi шыққан, өйткенi аудармашы ыргақ пен синтаксистiк ойдың сақталуын дұрыс жеткiзе бiлген. Аудармашы түпнұсқа авторының

стилiн сақтай отырып, реципиенттерге ақынның интенциясын жеткiзгенiн байқаймыз. Поэзияның пішіні ғана емес, мазмұны да ыргаққа негiзделген, буыны мен образдылықтың дұрыс аударылуы мен реципиентке автордың ойын жеткiзе бiлу аудармашының мақсаты ретiнде қойылған.

**Түпнұсқа:**

Мен – бұл кезде Шоканмын, Абайлармын,  
Он – солымды туды ендi абайлар күн.  
Оятқандай даламды дауыстары,  
«Кiм жазықты?» дегенде талайлардың. [2,9]

**Аударма нұсқа:**

Я – казах. Я огньице – Абай и Чокан.  
Тонкий лучик прозренья мне временем дан.  
И в дремоте степной уже зреют вопросы:  
Кто виновен? Как быть? Как развеять туман?... [3,367].

Үзiндi еркін әдiспен аударылған». Я – казах» деген сөз түпнұсқада жоқ, ал аудармашы өз тарапынан қосқан. «Он – солымды туды ендi абайлар күн» өлеңдегi екiншi жолы мүлдем басқаша «Тонкий лучик прозренья мне временем дан» деп басқаша аударған. «Оятқандай даламды дауыстары» деген өлеңнің үшiншi жолын талдасақ, «И в дремоте степной уже зреют вопросы» мұнда эквиваленттiк, баламалық аудармада жасалмаған тек «дала» деген сөзiн «степь» деп және төртiншi жолын «Кiм жазықты? – Кто виновен?» деп аударған». «Как быть? Как развеять туман?» Мұнда аудармашы орыс халқына түпнұсқаның мағыласын әдемі жеткiзу ниетiнде еркін аударманы қолданып аударғандығы байқалады.

**Түпнұсқа:**

Танытады падандык Сократты,  
Гомсрдi де көп ғасыр тоқыратты.  
Көзiм басыр болса да, ойым көргiш.  
Мен де ақын ем өзiндей сол бiр қарттың.  
Келсейiнi гой далама бұрын олар,  
Коперниктер, Джордано Брунолар!..  
Қаны кеттi каншама ұл-қыздарым  
Бағы жансан солардың бiрi болар [2,2].

**Аударма нұсқа:**

И Сократ был сокрыт,  
и Гомср был неведом  
мне, хотя в диких дебрях  
заброшенных лет.  
от незнания слепой,  
шел за ними я следом  
и душою был зрячим,  
как всякий поэт.  
И Коперник, и Бруно..  
Пришли б они раньше  
в степь родную,

к ес дочерям и сынам,  
и светлей она стала бы сразу  
и краше,  
и быстрее открылось бы  
многое нам.» [3,351]

Аудармашы еркін аударма түрін қолданған. Аудармада жолдар саны түпнұсқадан әлдеқайда көп, нақтырақ айтатын болсақ, түпнұсқа 8 жол, аударма 16 жолдан құралған. Автор ойы аудармашы тарапынан қосылғанын көп байқамаймыз, тек аудармашы жолдарды бөлген. «Танытады на-дандық Сократты, Гомерді де көп ғасыр тоқыратты. Көзім басыр болса да, ойым көргіш. Мен де ақын ем өзіндей сол бір қарттың» – «И Сократ был сокрыт, и Гомер был неведом мне, хотя в диких делях, заброшенных лет. От незнанья слепой, шел за ними я следом и душою был зрячим, как всякий поэт», – деп аударылғанын көреміз. Бұл жерде Сократ, Гомер сияқты антропонимдер толығымен сол қалпы қалған, тоқыратты дегенді был неведом деген екен, ал шел за ними следом деген жолдар аудармашы тарапынан қосылған, себебі, түпнұсқада біз бұл жолдарды байқамаймыз. «Келсейші гой далама бұрын олар, Коперниктер, Джордано Брунолар!.. Қапы кетті қаншама ұл-қыздарым, Бағы жансаң солардың бірі болар» – «И Коперник, и Бруно... Пришли б они раньше в степь родную, к ес дочерям и сынам, и светлей она стала бы сразу и краше, и быстрее открылось бы многое нам». Мұнда аудармашы Коперник, Бруноларды алдыңғы жолға шығаруды жөн көрген, яғни, орындары алмасқан. Бағы жану деген қазақтың тұрақты тіркесі аудармада открылось бы многое нам болып, бұл тіркестің мән-мағынасын ашқан. Аударма еркін болғанымен де, түпнұсқадағы идея мен тақырыптан көп алшақтамағанын көреміз.

#### Түпнұсқа:

«Мариям Жагор деген орыс қызы,  
Он алты-он жетіге келген кезі:  
Қазаққа Дудар деген ғашық болып,  
Сондағы Мариямның айтқан сөзі :  
Дудар- ай лудым, Бір сен үшін тудым...»[2,8]

#### Аударма нұсқа:

Так вот  
русская девушка Мариям,  
дочь Егора,

к шестнадцати юным годам  
полюбила Дудара  
и песню сложила:  
«О Дудар, лишь тебе  
мое сердце отдам!» [3, 365]

Түпнұсқа мәтіні 5 жолдан, ал аударма мәтіні 8 жол болып аударылған. Алғашқы жолдарының өзі «Мариям Жагор деген орыс қызы, Он алты-он жетіге келген кезі: – «Так вот, русская девушка Мариям, дочь Егора, к шестнадцати юным годам», – деп жай ғана әңгіме түрінде басталады. Жагор есімі орыс тіліне бейімделіп, Егор деп сәтті қолданылған. Қазақ өлеңінде он алты- он жетіге келген кезі десе, аудармада ол он алты жасар Мариям. Келесі жолдар «Қазаққа Дудар деген ғашық болып, Сондағы Мариямның айтқан сөзі : Дудар-ай лудым, Бір сен үшін тудым...» – полюбила Дудара и песню сложила: «О Дудар, лишь тебе мое сердце отдам!» деп, орыс қыздың қазақ жігітіне ғашық болғанын айтса, аудармада бұл жолдар қалып қалған.

Орине, бір мақала көлемінде бір поэманың аудармасын толық талдау мүмкін емес. Дегенмен поэманың үзінділері арқылы біз аударманың біршама сәтті шыққандығын айтуымыз керек. Ақын ақын жанын дұрыс түсіне алған. Р.Казакова аударып отырған шығарманың ұлылығын, қайталанбас көркемдігін, ойдың, сезімнің жиынтығын, рухын сезіне отырып, түпнұсқамен жарыса отырып, өз дарынын түпнұсқа авторының дарынымен үйлестіре отырып аударуға талпыныс жасаған.

«Жұбан — өзінің атақты «Мен — қазақтың» деп аталатын поэмасымен қазақ әдебиетінің ірі тұлғасына айналған, отансүйгіштік жырларымен халық жүрегінен орын тепкен ақын. Ақын қазақ халқының тарихы туралы «Мен – қазақтың» атты толғауында халқының атынан мінбеге шығып сөйлей отырып, тарихи шындықты, халықтың эпикалық өмірін кестеледі», - деп Қадыр Мырза Әлі айтқандай, ақын поэмасының орысша аударылу тарихын тереңірек зергтеу келешекте атқарылатын келелі істердің бірі деп санаймыз. Себебі, аударманың негізгі қызметтерінің бірі тілаларлық, мәдени-эстетикалық бөгеттерді бұзу, сол арқылы қазақ әдебиетінің баға жетпес мұраларын орыс оқырмандарымен таныстыру, олардан әділ бағасын алу.

**Әдебиеттер**

- 1 Сокол казахской степи. 50 лет поэме «Я – казах!» // Газета «Информбиржа news». 13 (1029) . 27 марта 2014 г.
- 2 Молдағалиев Жұбан. Мен қазақпын. – 1964. – 23 б.
- 3 Молдағалиев Ж. Я казах! Стихотворения и поэмы. Перевод с казахского. – Астана: Аударма, 2010. – 568 с.

**References**

- 1 Sokol kazahskoi stepi. 50 let poeme «Ya – kazah!» // Gazeta «Informbirzha news». 13 (1029) . 27 marta 2014 g
- 2 Moldagaliyev Zhuban. Men kazahpyn. – 1964 zh. – 23 b
- 3 Moldagaliyev Zhuban. Ya kazah! Stikhotvoreniya i poemy. Pervod s kazahskogo. – Astana: Audarma, 2010. – 568 str.